

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Тараптардың бітімгершілік институтын дамытуды байқап көру

I. Жобаның негіздері, мақсаты және міндеттері

II. Ағымдағы жағдайды талдау

III. Өзекті мәселелер

IV. Жүйенің даму параметрлері

V. Шетелдік тәжірибені шолу

VI. Орындау кезеңі

VII. Күтілетін нәтижелер

2-бөлім. Бітімгерлік институтын дамытудың негізгі қағидаттары және құралдары.

I. Жүйе дамуының негізгі қағидаттары

II. Міндеттерді іске асыру құралдары

3-бөлім. Тұжырымдаманы іске асыру үшін өзгертуге және толықтыруға жататын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі.

4-бөлім. Қорытынды бөлім

1-бөлім. Тараптардың бітімгершілік институтын дамытудың болжамалы көрінісі

1. Жобаның негіздері, мақсаты және міндеттері

1. «Сот тәртібінде қарастырылуға жататын даулар санын азайтып, оларды шешудің балама тәсілдерін, соның ішінде бітімгершілік рәсімдер мен медиацияларды енгізу маңызды. Бұл сот төрелігінің қалыпқа келуіне мүмкіншілік туғызады».

(Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 19 қарашадағы судьялардың V съезінде сөйлеген сөзінен)

2. «Сонымен қатар қылмыстық іс жүргізуді кейіннен оңайлатуға, оның жеделдігін арттыруға байланысты шаралар кешені қажет.... Бұл қылмыстық істерді тергеу барысындағы әуре-сарсаңға салуды барынша қысқартуға, тергеу органының жұмысын оңайлатып, азаматтардың хал-жағдайын жеңілдетуге мүмкіншілік туғызады».

(Қазақстан Республикасы Президентінің құқық қорғау органдарын реформалау мәселесі бойынша 2010 жылғы 17 тамызда Ақ Ордада өткен кеңесте сөйлеген сөзінен)

3. «... соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет».

(Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауынан)

4. «Азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру шаралары тараптардың арасындағы сотта және соттан тыс келісімге жету жолдары мен тәсілдеріне бағдарланған болар еді, сонымен қатар сотта істі қарауға әзірлеу кезінде бітімгерлік рәсім шараларын қолдану мүмкіндігін талқылау қажет...».

(Қазақстан Республикасының 2010 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған 2009 жылғы 24 тамыздағы құқықтық саясат тұжырымдамасынан)

5. «Бүгінде медиация құрылымы мен рәсімін еңбек қатынастары саласында да құру және қолдану жұмыстарын күшейту қажет.

Медиация құрылымдарын ұлттық және жеке компанияларды да құру қажет. АҚШ-та, Австралияда және басқа да мемлекеттерде барлық даулардың үштен бірі соттың араласуынсыз, медиация рәсімі шеңберінде реттеледі.

Бүгін мемлекет тарапынан дау мен жанжалды, соның ішінде әлеуметтік-еңбек қарым қатынастар саласында да, соттан тыс шешу жүйесін енгізуге мүмкіндік беретін, бастамашылық қадамдар жасалғаны маңызды.

(Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 10 шілдедегі «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға бірдей Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласынан

Жобаның мақсаты – бітімгерлік институттарын дамыту арқылы 2017 жылға дейін сотта қаралатын қылмыстық және азаматтық істер санын кемінде 30 %-ға азайту.

Жобаның міндеттері:

1) Бір мәмлеге қод жеткізудің мүмкіндіктері мен тараптар арасында сотта, соттан да тыс тәртіппен де (*медиация, делдалдық және басқалары*) бітімге қол жеткізу мүмкіндігін кеңейту.

2) Дауларды соттан тыс шешу тәсілдерін жетілдіру;

3) Дауларды шешудің құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру;

4) Азаматтық-құқықтық дауды қарау тәртібін оңайлату, оның ішінде бұйрықтық іс жүргізу саласын кеңейту арқылы оңайлату.

Жоба Ұрандары:

✓ «Тараптарды бейбітшілікке әкелетін сот, құдіретті болып есептеледі» (*цитата*)

✓ «Бітімгерлікке уақытылы жасалмаған қадам, шақырымдарға ұласады» (*афоризм*)

✓ «Жауласу оңай, елдесу қиын» (*қанатты сөз*)

✓ «Арадан шыққан жау қиын, таусылмайтын дау қиын» (*Қазыбек би*)

✓ «Елдестіркек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» (*Абылай хан*)

✓ «Жақсының қасиеті – жарастыру, жаманның қасиеті – таластыру» (*мақал-мәтел*)

✓ «Жақсы даудан жаман бітім артық» (*мақал*)

✓ «Қарым қатынастың құндылығы даудың санымен емес, бітімнің жылдамдылығымен анықталады» (*афоризм*)

✓ «Алладан қорқыңдар да, өз араларыңда келіспеушіліктерді реттеңдер.» (*Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбар хадисінен*)

II. Ағымдағы жағдайды талдау

Қылмыстық процесте

- Жыл сайын республикада соттар 40 мыңға жуық қылмыстық істерді қарайды.
- Мемлекеттік айыптауды барлық қылмыстық істер бойынша прокурорлар қолдап отырады (*жеке айыптау істерін қоспағанда*).
- Мысалы, Семейде № 2 қалалық сот (*15 судья*) 2012 жылы 2002 іс қараған. Бір судьяға – жылына – 133 іс, айына 11 немесе екі күнге – 1 іс.

Іс қарау мынадай сатыларды қамтиды:

- 1) Басты сот талқылауына дайындалу:
 - істі зерделеу және мынадай нысанаға:
 - *оның соттылығын айқындауға;*
 - *іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға немесе тоқтата тұруға әкеп соғатын мән-жайларды белгілеуге;*
 - *сот отырысын өткізуге кедергі болатын, бұзушылықтарды анықтауға;*
 - *таңдалған жолын кесу шараларын өзгертуге немесе жоюға;*
 - *залалдарды өтеуді қамтамасыз ететін қабылданған шаралардың жеткіліктілігіне;*
 - *тараптардың өтініштерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне алдын ала тыңдау жүргізуді;*
 - басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы шығаруды;
 - тараптардың іс материалдарымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуді;
 - сот отырысына сотталушыны, жәбірленушіні, куәлерді және басқаларды шақыруды қамтиды.
- 2) басты сот талқылауы:
 - *сот тергеуін (прокурордың айыптаудың мәнін баяндауы, тараптарға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, процеске қатысушылардан жауап алу, өтініштерді шешу, іс материалдарын және заттай айғақтарды зерттеу);*

- жарыссөзді (прокурордың айыптау сөзі, адвокаттың, сотталушының және жәбірленушінің сөйлейтін сөздері) және ілікпе сөздерді;

- сотталушының соңғы сөзін;
- соттың кеңесу бөлмесіне кетуін;

3) үкімнің жариялануы;

4) хатшының басты сот талқылауының хаттамасын дайындауын қамтиды.

➤ ҚІЖК-не сәйкес қылмыстық істер 10-күндік (қысқартылған тәртіп) және бір айлық мерзімде қаралады. Ерекше жағдайларда мерзім ұзартылады.

➤ бітімге келу және зиянның тігісін жатқызу жағдайында, ҚК-нің 67 бабына сәйкес:

- егер адам оны алғаш рет жасаған болса және ол адам өліміне немесе оның денсаулығына ауыр зиян тигізуге әкеп соқпаса, онша ауыр емес қылмыс бойынша және ауырлығы орташа қылмыс бойынша *іс міндетті түрде тоқтатылады;*

- егер адам бұрын басқа қылмыс жасаған болса, ауырлығы орташа қылмыс бойынша *іс қылмыстық тергеу және сот органдарының қарауымен тоқтатылады;*

- кәмелетке толмаған адам алғаш рет жасаған және адам өліміне немесе оның денсаулығына ауыр зиян тигізуге әкеп соқпаған ауыр қылмыс бойынша *іс соттың қарауымен тоқтатылады.*

1- кесте. Тараптардың бітімге келуімен соттың істерді тоқтатуы.¹

Жыл	Сотпен қаралған істер	Олардан бітімге келуге байланысты тоқтатылғандары	Бітімге келгені үшін тоқтатылғандар үлесі
2008	47 246	15 097	31,9%
2009	48 358	15 334	31,7%
2010	46 844	18 701	39,2%
2011	40 844	19 764	48,4%
2012	36 029	17 001	47,2%

Ескертпе: 2011 және 2012 жж. төмендеу жекелеген қаржы-экономикалық қылмысқа қатысты ҚК-нің 1-бөлігінің 259-бабын (ірі мөлшердегі есірткіні сату мақсатынсыз заңсыз сақтау)

¹ Құқықтық статистика және арнаулы есеп жөніндегі комитеттің мәліметтеріне сәйкес


декриминализациялаумен және Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына байланысты рақымшылдықпен түсіндіріледі

2-кесте. Істердің сотқа дейінгі сатыда және сотта қысқаруы²

Кезең	Қылмыстық процесте бітімге келгені үшін қысқарғандардың барлығы	оның ішінде:			
		сотқа дейінгі сатыда	%	сотта	%
2008 г.	21 412	6 315	30	15 097	70
2009 г.	21 201	5 867	27	15 334	73
2010 г.	23 948	5 247	22	18 701	78
2011 г.	27 197	7 433	27	19 764	73
2012 г.	27 038	10 037	37	17 001	63

➤ Есепке алу-тіркеу тәртібін қатаңдатуға байланысты тіркелген қылмыстың саны жыл сайын өсуде. Соңғы бес жыл ішінде – өсім 2,5 есе, онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыс – 3 есеге жуық.

3-кесте. 5 жыл ішінде тіркелген қылмыстардың саны



Ағымдағы жылдың басынан бері қылмыстың өсуімен соттар мен прокурорлардың жүктемесі де өсе түсуде. Егер


² Құқықтық статистика және арнаулы есеп жөніндегі комитеттің мәліметтеріне сәйкес

2012 жылдың 1-тоқсанында 7 805 қылмыстық іс қаралған болса, 2013 жылдың 1-тоқсанында – 9 149 қылмыстық іс қаралды. Сот талқылауының саны 15%-ға жуық өсті.

Азаматтық процесте

- Жыл сайын соттарға жарты миллионнан астам талаптар келіп түседі, соттар олардың 310 мыңнан астам дауларын мәні бойынша шешеді (*шешім шығара отырып*).
- Істердің саны жыл сайын өсуде, 5 жыл ішінде – 40%-ға өсті.

4-кесте. 5 жыл ішінде келіп түскен және қаралған талаптар статистикасы



Азаматтық істерді қарау тәртібінің 4 түрі жұмыс істейді:

- талап қоюмен іс жүргізу;
- айрықша талап қоюмен іс жүргізу;
- айрықша іс жүргізу;
- бұйрықпен іс жүргізу.

5-кесте. 2012 жыл ішінде соттарға келіп түскен арыздардың статистикасы

барлығы	Талап қоюмен іс жүргізу	Айрықша талап қоюмен іс жүргізу	Айрықша іс жүргізу	Бұйрықпен іс жүргізу
583 185	409 770	33 161	47 491	92 719

Талап қоюмен іс жүргізуде ғана бітімгерлікке мүмкіндік туады, өйткені бұл істер бойынша тараптардың – талап қоюшы мен жауапкердің арасында құқық туралы дау туындайды.

➤ 2012 жыл ішінде соттар талап қою тәртібімен шешім шығара отырып (*қайтарылғандарды, қаралмағандарды және тоқтатылғандарды есептемегенде*) 268 097 арызды³ қарады. Қаралған істерді талдау:

1) *тұрғын үй (оның ішінде коммуналдық) құқықтық қатынастар – 28% (74 мың);*

2) *неке-отбасылық құқықтық қатынастар – 20% (52 мың);*

3) *шарттық құқықтық қатынастар – 18% (49 мың) бойынша даулардың неғұрлым кең тарағанын көрсетті.*

➤ 2012 жылы тараптар 9 627 іс бойынша немесе барлығының 3%-ы бітімге келді.

➤ Бір судьяға айына 60-қа жуық азаматтық істен⁴, ал Астана мен Алматыда – 150-ден немесе бір жұмыс күні ішінде 7 істен келеді.

➤ Азаматтық істердің бірқатар санаттары бойынша прокурордың қатысуы міндетті. Бұлар:

- *мемлекеттің мүддесін қозғайтын;*
 - *кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қатысты;*
 - *жұмысқа қайта орналастыру және жалақы өндіріп алу туралы;*

- *басқа тұрғын үй бермей шығарып жіберу туралы;*
 - *өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы даулар.*

Прокурор қатысуға міндетті азаматтық істердің үлесі 2012 жылы 30%-ды құрады.

Прокурор сондай-ақ өзінің бастамасы бойынша не сот оның қатысуы қажет деп тапса процеске қатысады.

³ Құқықтық статистика және арнаулы есеп жөніндегі комитеттің мәліметтеріне сәйкес

⁴ Жоғарғы Сот Төрағасының «Президент Жолдауын іске асыру бойынша бірінші кезектегі шаралар туралы ...» сөйлеген сөзінен (2012 жылғы 21 желтоқсан)

➤ Міндетті санаттағы істер санының өсуіне байланысты (57 мыңнан 85 мыңға дейін) 5 жыл ішінде прокурорлардың жүктемесі 1,5 есе өсті. Қала, аудан прокурорының бір көмекшісі 3-4 судья өткізетін процеске қатысады.

➤ 2012 жыл ішінде соттарға және прокуратураға азаматтық істер бойынша мынадай сот актілеріне 87 мыңнан астам шағым түсті:

- апелляциялық – 42 мың;
- кассациялық – 16 мың;
- қадағалау өтініштері – 12 мың;
- прокурорларға өтініштер – 17 мың.



➤ 2011 жылдың тамызынан бастап «Медиация туралы» жұмыс істеп келеді.

➤ Медиацияны кәсіби және кәсіби емес медиаторлар жүзеге асырады.

➤ 2012 жыл ішінде соттарға 653 мың талап, арыз және басқа да өтініштер келіп түсті.

➤ Бітімгерлік рәсімін қолданумен:

- АҚШ-та – 90%-ға жуық;
- Ұлыбританияда – 87%;
- Словенияда – 40%;
- Қытайда – 30%⁵ даулар шешіледі.

➤ Қазақстанда біржарым жыл ішінде кәсіби медиаторлар 700 дауды шешті – бұл соттарға келіп түскен талаптардың жалпы санының 0,1%-ы. Олардың 150-іне азаматтық істер бойынша (0,05%) медиация сотта⁶ қолданылды.

⁵ Интернеттегі ашық көздерден

⁶ Облыстар прокурорларының және оларға теңестірілгендердің мәліметтеріне сәйкес

➤ Қылмыстық процесте де осындай жағдай, онда 2012 жыл ішінде медиация тәртібімен барлығы 122 қылмыстық іс тоқтатылған (0,03%)⁷.

➤ Тіркелген 1700 медиаторлардың 357-сі нақты қызмет көрсетеді (21%)⁸.

III. Өзекті проблемалар

Соттар қараған істер санының өсуінің бірқатар себептері бар.

1. «Сотқа жолданған қылмыстық істердің» көрсеткіштерін ұлғайтудағы «жарыс» .

Тергеушілер мен анықтаушылар бітімгерлікті сотта жасау керектігін түсіндіре отырып, бітімге келуге байланысты істі тоқтату туралы өтінішті тараптардан қабылдамауға тырысады.

Бұл әрекеттер «істің сотқа жолданғандығының» шартталған рейтингтен туындайды.

Тараптарға бітімгерліктің тәртібі, салдары және артықшылығы жеткілікті дәрежеде түсіндірілмейді.

2. Қылмыстық қудалау және сот органының қарауы бойынша қылмыстық істі тоқтату.

ҚК 67-бабының 2-бөлігі қылмыстық қудалау және сот органына, егер айыпталушы бұрын қылмыс жасаған болса, ауырлығы орташа қылмыс туралы істі тоқтатуды немесе тоқтатпауды таңдау құқығын береді.

3. Бітімге келуге байланысты істі тоқтату туралы тергеу және анықтау органдарының қаулысына шағым жасауға арналған мерзімдердің шексіздігі.

Тергеу органдарының басшылығы тараптардың тергеу барысынан гөрі сотта бітімге келгені жақсы екендігін атап көрсетеді. Мұны олар істі тоқтату туралы тергеушінің шешімін прокурордың кез келген уақытта жоюы мүмкіндігімен және қайтадан тергеу жүргізудің күрделі болатындығымен түсіндіреді.

4. Тараптардың бітімге келуіне жағдай жасауға заңнамалық міндеттеменің болмауы.

⁷ Облыстар прокурорларының және оларға теңестірілгендердің мәліметтеріне сәйкес

⁸ Облыстар прокурорларының және оларға теңестірілгендердің мәліметтеріне сәйкес

ҚІЖК-де қылмыстық процесті жүргізуші органдардың алдына онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар бойынша тараптардың бітімге келуіне жағдай жасау міндеті қойылмайды, тараптарға олардың бітімге келу құқығын түсіндірудің формалды міндеті ғана мазмұндалады.

5. Қылмыстық процесте бітімгерліктің нақты рәсімінің болмауы.

ҚІЖК-де болып өткен бітімгерліктің іс жүргізудегі ресімделуі және осы негіз бойынша қылмыстық істі тоқтатудың кейінгі тәртібі қандай болуға тиістігі туралы нақты түсінік берілмейді.

6. Азаматтық іс жүргізу кодексінің кемшіліктері:

✓ соттардың алдына тараптарды сот талқылауына дайындық шеңберінде бітімге келтіру міндеті қойылмайды;

✓ істі дайындау кезінде соттар тараптарды бітімгершілік келісіміне бағдарламайды, оларға дауды медиация тәртібімен шешу құқығын ғана түсіндіреді;

✓ сот талқылауы басталғанға дейін судья талап қою мәні бойынша сұрау үшін жауап берушіні шақыруға міндетті емес. Бұл тараптардың кездесуін және бітімге келу мүмкіндігін талқылауды, өзара тиімді шешім іздестіруді болдырмайды;

✓ сот талқылауы басталғанға дейін тараптардың өз ұстанымын негіздейтін барлық дәлелдемелерді ұсынудың (ашатын) міндеттемесі жоқ;

✓ талқылау кезінде сот жанжалдасушыларды бітімге келтіруге емес, ақиқатты анықтауға бағдарланған;

✓ тараптарда бітімгершілік келісімді жасаудан келетін материалдық пайда жоқ (*мысалы, мемлекеттік бажды қайтару*).

7. Дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің әлеуетін жеткіліксіз пайдалану.

Мынадай:

- *шарттық міндеттемелер бойынша (18%);*

- *тұрғын үй-коммуналдық қатынастар бойынша (28%);*

- *неке-отбасылық қатынастар бойынша (20%)*

дауларды соттан тыс шешуге болар еді.

8. Тараптардың іс жүргізу құқықтарын теріс пайдалануы.

✓ ҚІЖК тараптардың дәлелдемелерді кідіртуіне және оларды жарыссөз қарсаңында ғана ашуына, сондай-ақ қарсы талап қоюды сот отырысының соңында жасауына мүмкіндік береді, бұл процесті созудың тәсіліне айналуы мүмкін;

✓ мемлекеттік баждың аздығы міндеттемені орындамау үшін көрінеу негізсіз талап қоюды туындатады. Арыздардың 30%-ға жуығы осындай себептермен кері қайтарылады немесе қаралмаған күйінде қалдырылады;

✓ мемлекеттік баждың болмауы сот шешімінің заңды күшіне енуін және оның орындалуын кейінге қалдыру үшін көрінеу негізсіз апелляциялық шағым жасауға итермелейді.

9. Күрделілігі әртүрлі азаматтық істерді қарау рәсімінде айырмашылықтың болмауы.

Кейбір істер айрықша күрелі емес, сараптама тағайындауды және басқаларды талап етпейді. Оларды оңайлатылған тәртіппен қарауға болар еді.

10. Кәсіби емес қорғаушы тараптардың мүдделерін білдіруі.

Заңда азаматтық істер бойынша кәсіби өкілдік ету туралы талап жоқ. Тараптардың мүдделеріне заң білімі жоқ азаматтардың өкілдік етуі жиі кездеседі. Бұл сотқа және басқа да мемлекеттік органдарға негізсіз жүгінуді, іс жүргізу құжаттарын сапасыз дайындауды және т.б. туындатады.

11. Бұйрық арқылы іс жүргізу мүмкіндіктерін жеткіліксіз пайдалану.

Сот бұйрығын шығарумен істердің барлығы 16%-ы қаралады. Бұл судьялардың борышкерді және өндіріп алушыны олардың түсініктерін тыңдау үшін шақырмай-ақ және сот талқылауынсыз даусыз талаптар бойынша борышкерден ақшалай соманы өндіріп алу немесе мүлікті талап ету туралы шешімдері.

Бұған қоса, бұйрық тәртібімен тұрғын үй мен коммуналдық қызмет көрсетулер үшін төлем өндіріп алу туралы талаптарды қарастыруға болады. Бұл соттарға жүгінудің жалпы санының 15%-ы.

12. Медиацияның әлеуетін тиімсіз пайдалану.

Соттарға жүгінудің саны жыл сайын өсуде. «Медиация туралы» 2011 жылғы Заң жағдайды айтарлықтай жақсартқан жоқ.

Соттан тыс шешілетін даулар 1%-ға жетпейді, ал еуропалық елдерде бұл көрсеткіш 70-80%-дан төмен емес.

Соттар бекіткен әлемдік 10 мың бітім келісімдері мен талап қоюдан 30 мыңға жуық бас тартулар медиацияның нысанасы бола алар еді.

13. Медиаторлар көрсеткен қызметтерге ақы төлеудің құқықтық регламентінің жетілдірілмегендігі.

Медиаторға жүгінген кезде айыпталушы да, жәбірленуші де қызмет көрсетулерге ақы төлейді. Сондықтан жәбірленушіге медиаторға ақы төлегеннен гөрі тергеушіде немесе сотта тегін бітімге келу тиімді.

14. Медиативтік келісімнің заңдық күшінің болмауы.

Келісімге соттан тыс қол жеткізу мәжбүрлі түрде орындауға жатқызылмайды. Тараптардың біреуі қол жеткізілген уағдаластық шартын орындаудан жалтарған жағдайда, екіншісінде бір ғана жол – сотқа талап қою қалады. Сондықтан соттан тыс медиативтік келісімді халық уақытты босқа өткізу деп қабылдайды.

15. Медиаторлар ұйымдарының шашыраңқылығы.

Медиация туралы Заң бойынша медиаторлар қызметін үйлестіру, бірыңғай стандарттарды, медиация өткізудің және көрсетілген қызметке ақы төлеудің тәртібін әзірлеу медиаторлар қауымдастығына жүктелген.

Екі жыл өтсе де республикалық бірыңғай қауымдастық сол күйі құрылмады. Медиаторлар ұйымдары әдістемелік және өзге де қолдаушыларға мұқтаж, сыйақы мөлшерін айқындаудың бірыңғай ұстанымы және т.б. жоқ.

16. Медиаторларды кәсіби дайындаудың төмен деңгейі.

Медиаторды оқыту курсы 48 академиялық сағатты құрайды. Мұндай уақыт ішінде *(екі аптадан аз)* тереңдетілген арнайы білім алу және медиация өткізуге дағдылану мүмкін емес. Медиацияның сапалы және табысты болуы медиатордың сауаттылығы мен кәсібилігіне байланысты.

17. Кәсіби емес медиаторларды қолдаудың әлсіздігі.

Жергілікті атқарушы органдар кәсіби емес медиаторларға ұйымдастыру-техникалық (*үй-жай, әдістемелік ұсыныстар, курстар және басқалар*) қолдау көрсетпейді. Халықта кәсіби емес медиатор болудың заңнамалық мүмкіндіктері туралы толық көлемді ақпарат жоқ.

IV. Жүйені дамыту параметрлері

Сотқа жәрдемдесу кезінде де, сондай-ақ медиатордың көмегімен де жүзеге асырылатын сот төрелігін жүргізу саласына бітімгерлік рәсімдерін неғұрлым кеңірек енгізу қажет. Оның негізінде тараптарды, сот актісін шығаруға дейін жеткізбей-ақ бітімге келтіру идеясы жатуға тиіс.

Бұл үшін заңнамалық, ұйымдық және ақпараттық бірқатар шаралар қабылдау қажет.

Қылмыстық процестегі заңнамалық шаралар

ҚК-нің жаңа жобасында мыналар:

- қылмыстық теріс қылық, өлімге әкеп соқпаған, онша ауыр емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамдарды, егер олар жәбірленушімен бітімге келсе, олардың бұрын басқа қылмыс жасаған-жасамағанына қарамастан, жауаптылықтан міндетті түрде босату мүмкіндігі;
- жоғарыда көрсетілген санатта бірнеше қылмыс жасалса, егер айыпталушы жәбірленушінің әрбірімен бітімге келсе, істі қысқартудың мүмкіндігі;
- адам өліміне немесе оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандарды, жүкті әйелдерді, жас балалары бар әйелдерді, жас балаларды бір өзі тәрбиелеп жатқан ер адамдарды, елу сегіз және одан да жоғары жастағы әйелдерді, алпыс үш және одан да жоғары жастағы ер адамдарды, егер олар жәбірленушімен бітімге келсе және зиянның тігісін жатқызса, жауаптылықтан босату мүмкіндігі;
- онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыспен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын

мүдделеріне зиян келтірген адамдарды, егер олар кінәсін шын жүректен мойындаса және зиянның тігісін жатқызса, қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігі;

➤ сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар жасаған, сондай-ақ қылмыстық топ құрамында және жас балалардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған адамдарға қатысты тараптардың бітімге келу ісін тоқтатуға мүмкіндік бермейтін шектеулер көзделгендігі ескерілсін.

2. ҚІЖК-нің жаңа жобасында істі сотқа дейінгі сатыда тоқтату туралы шешімге шағым жасаудың шекті мерзімі көзделгені ескерілсін.

3. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасына:

➤ бітімгершілік келісімін жасаудың тәртібін, тараптардың құқықтары мен міндеттерін және бітімгерлікке қол жеткізу шартын, нысандарын, мерзімдерін және келтірілген зиянның тігісін жатқызу тәсілдерін, қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамның бітімгершілік келісімінің шарттарын орындамаған жағдайда іс бойынша іс жүргізуді жоюдың және қайта қозғаудың мүмкіндіктерін айқындайтын жеке бап;

➤ тараптардың бітімге келуі үшін жағдай жасайтын қылмыстық процесті жүргізуші органның міндеттері туралы ереже;

➤ басты сот талқылауына дайындық шеңберінде соттарды сот аяқталғаннан кейін тараптарды бітімгерлік туралы шешімді растай немесе одан бас тарта отырып қайта шақыру бойынша белгілі бір мерзім беруді міндеттейтін ереже;

➤ тараптарға бітімгерлік құқығы, ақталмайтын негіздер бойынша іс қозғаудан немесе оны тоқтатудан бас тартудың салдарлары туралы, оның ішінде түсіндіруді қол жетімді түрде және түсінуге жеңіл тілмен баяндау бөлігінде түсіндіру туралы хаттама мазмұнына нақты талап;

➤ айыпталушы мен жәбірленуші арасында болған бітімгерлікті іс жүргізумен ресімдеуді;

➤ тараптардың бітімгерлігіне байланысты оларға қатысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту немесе оны сотқа

дейін де, сондай-ақ соттан кейін де тоқтату туралы шешім шығарылған адамдар үшін құқықтық салдарларды біріздендіруді;

4. Медиативтік келісімнің шарттарына сәйкес медиатордың қызметіне ақы төлеуді айыпталушыға жүктей отырып, одан жәбірленушіні босату мүмкіндігі туралы медиация туралы заңға толықтырулар енгізуге бастамашылық жасалсын.

Азаматтық процестегі заңнамалық шаралар

1. Тараптарды бітістіру.

1) *Азаматтық сот ісін жүргізудің дербес міндеті азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға, әріптестік іскерлік қатынасты орнықтыруға және дамытуға, дауларды бейбіт реттеуге жәрдемдесуді айқындау.*

Дауларды бейбіт аяқтау – азаматтық процестің өзіндік мақсаты емес, бірақ судья тараптарды бітістіруге ынталандыратын жағдай жасауға тиіс.

Бұл судьялардың сот төрелігін сапалы жүзеге асыруының және кәсіби шеберлігінің басты өлшемдері болуы керек.

1.1. Істі сот талқылауына даярлауды белгіленген мерзімдерді өзгерте отырып, дауды бейбіт жолмен шешу үшін платформа ретінде пайдалану.

Осы сатыда судьяға мынадай міндеттемелер жүктелсін:

✓ тараптардың сотқа шақырылуын және олардың кездесуін қамтамасыз ету;

✓ тараптарға бітімгерлікке келудің мүмкіндіктері мен тәсілдерін сот процесі және соттан тыс шеңберде де, сондай-ақ даудың бейбіт жолмен аяқталуының артықшылықтары туралы түсіндіру.

1.2. Өз позицияларын бағалау үшін мәлімделген талаптар мен мүмкіндіктерді негіздеуде тараптар арасындағы

дәлелдемелерді міндетті түрде алмасуды енгізу. Осы кезеңде олардың ұсынылмауына дәлелді себептер болмаған кезде тараптар бұдан әрі оларға сілтеме жасау мүмкіндігінен айырылатын болады (*сот талқылауында және процестің келесі сатларында*). Басқа сөзбен атқанда, тараптардың ақпараттарды толық ашуы қағидатын енгізу.

2) *Азаматтық істер жүргізу кодессіне «Бітімгерлік рәсімдер. Бітімгершілік келісім» деген жекелеген тарау енгізу.*

Оның мазмұнына мынадай ережелер енгізілсін:

2.1. Бітімгерлік рәсімдердің мақсаттары мен міндеттерін, оның түрлерін (*бітімгершілік келісімдер, медиация, делдалдық*), қағидаттарын және өткізу мерзімдерін айқындау.

2.2. Сот бітімгерлігі институтын қарастыру. Оның мәртебесін, өкілеттігін және тағайындау тәртібін айқындау. Осы жұмысқа сот аппаратының жоғары заң білімі бар лауазымды тұлғаларын және отставкадағы судьяларды тарту.

2.3. Бітімгерліктің туындауы мүмкін нәтижелерінің тізбесі (*бітімгершілік келісім, талап арыздан бас тарту, жауапкердің талап арызды мойындауы, тараптар арасында жаңа шарт жасасу*).

2.4. Бітімгершілік келісім жасаудың шарттары, оның нысаны мен мазмұны, бекіту және мәжбүрлі түрде орындау тәртібі.

3) *Тараптарды бітімгерлікке ынталандыру:*

3.1. Тараптардың санаттарына қарай сотқа жүгінгені үшін мемлекеттік баж ставкасын арттыру. Әлеуметтік сипаттағы құқықтарды қорғау туралы талап арыздар үшін ерекшеліктер қарастыру.

3.2. Бітімгершілік келісім жасаған және оның талаптарын жауапкер өз еркімен қанағаттандырған жағдайда талап арыздан бас тартқан кезде мемлекеттік бажды талапкерге қайтару.

Талап арызды мойындаған жағдайда жауапкерден өндіріп алынатын мемлекеттік баждың бөлігін мемлекет есебіне жатқызу. Оның мөлшері тараптар талап арыздан бас тартқан не оны мойындаған, бітімгершілікке келу туралы шешім шығару сатысына қарай саралануы керек. Мысалы, істі 1-ші сатыға даярлау – 75%, 1-ші сатыдағы сот талқылауы – 50%.

3.3. Істің қорытындысына қарай сот шығыстарын бөлу тәртібін тараптарға түсіндіру.

2. Сот ісін жүргізуді оңайлату.

1) Бұйрықты іс жүргізу саласын кеңейту. Осы тәртіпте мынадай талаптар қарастырылсын:

✓ тұтынылған коммуналдық қызмет көрсетулер үшін берешектерді өндіріп алу туралы;

✓ берілген ақшалай сомаларды индексациялау туралы.

2) Талап қою іс жүргізуінің оңайлатылған нысанын енгізу. Ол соттың қалауы бойынша қолданылуы мүмкін. Бағалау сотқа шақыртусыз сот белгіленген мерзімде ұсынылған жазбаша дәлелдемелермен берілетін болады.

Талап арыз бағасы заңды тұлғалар үшін 500 АЕК және жеке кәсіпкерлер үшін 100 АЕК аспайтын болса ақшаларды өндіріп алу осындай тәртіпте қарастыру.

Ондай тәртіп мынадай жағдайларда сақталмайды:

✓ іске үшінші тұлға кіріссе;

✓ қарсы талап арызды оңайлатылған тәртіпте қарау мүмкін болмаса;

✓ мемлекеттік құпияны жария ету тәуекелі туындаса;

✓ мамандардан, сарапшылардан, куәлардан және т.б. жауап алу қажет болса.

3) **Қарсы талап беруге арналған уақыт қысқартылсын.** Сонымен қатар, бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылған жағдайда, апелляциялық тәртіпте жауапкерге қарсы талаппен шағымдану құқығы берілсін.

4) Олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан орны бойынша сотта бейнебайланыстың көмегімен процеске қатысушылардың дәлелдемелері қашықтан зерттелсін және түсініктері тыңдалсын.

3. Дауларды балма түрде шешу жүйесін нығайту.

1) «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында келтірілген кәсіпкерлердің Ұлттық палатаға міндетті мүшелігі келешегін ескере отырып, бизнес құрылымдар арасындағы дауларды, соның ішінде бітімгерлік институтын пайдалана отырып соттан тыс шешу осы құрылымға жүктелсін.

2) Міндетті түрде сотқа дейін реттеуге жататын даулардың тізбесі кеңейтілсін.

Оларға мыналар жатқызылсын:

✓ салық және кеден органдарының хабарламаларына шағымдар. Ол үшін Үкіметтің шешімі бойынша тәуелсіз алқалы құрылым құрылсын, оның құрамына салық және кеден органдарының лауазымды тұлғаларымен қатар өзге де мемлекеттік органдардың, бизнес-қауымдастықтардың өкілдері, тәуелсіз сарапшылар қосылсын;

✓ кәсіпкерлер арасындағы және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі даулар. Оларды шешу кәсіпкерлердің Ұлттық палатасына жүктелсін;

✓ банктік және сақтандыру даулары. Осындай алауыздықтарды реттеу тиісті омбудсменге жүктелсін;

✓ коммуналдық қызмет көрсетулер үшін берешектерді өндіріп алу туралы, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқару және пайдалану жөніндегі даулар. Осы дауларды шешу әкімдік жанынан арнайы құрылған комиссияларға жүктелсін.

3) Дауларды балама түрде шешу мүмкіндіктері кеңейтілсін.

Жеткізушіні мемлекеттік сатып алуларға жосықсыз қатысушы деп тану осындай шешімді сотта шағым келтіру құқығын қарастыра отырып, уәкілетті органның құзыретіне берілсін.

4. Өзге де шаралар.

1) Кеден органдарының хабарламаларына арналған шағымдар бойынша мемлекеттік баждардың мөлшерлемелері (*айлық есептік көрсеткіштің 500%*) салық даулары бойынша қолданыстағы мөлшерлемелерге сәйкес (*дауланатын соманың 1%*) келтірілсін.

2) өкілде жоғары заң білмінің міндетті түрде болуы туралы талапты белгілі отырып, азаматтық істер бойынша кәсіби өкілдік институтын енгізсін.

Адвокаттардың азаматтық құқықтық қатынас саласында тегін заң көмегін мемлекет есебінен көрсетуі рәсімдерін неғұрлым егжей-тегжейлі регламенттесін.

ХҚК орталықтары жанынан құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесші қызметі енгізілсін, олардың міндеттері – азаматтарға заңи кеңес беру (*мәмілелер жасау, жылжымайтын мүлікке арналған құқықтарын ресімдеу*).

3) тараптар өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін өз еріктерімен қорғай алатын жай-күйдегі даулар есебінен прокурорлардың қатысуы міндетті азаматтық істердің тізбесі қысқартылсын.

Медиацияны дамыту жөніндегі заңнамалық шаралар

1. жеке айыптаудан өту тәртібімен сотқа шағыммен жүгінетін адамдар үшін сотқа дейінгі медиация рәсімінің міндеттілігі белгіленсін;

2. медиация жүргізген кезде олардың медиаторлармен кездесу құқығын қоса алғанда, қамауда ұсталған адамдардың қатысу мәселесі ретке келтірілсін.

3. Заңды тұлғалардың қатысуымен болған даулардың кейбір санаттары бойынша медиаторға міндетті түрде алдын ала жүгіну белгіленсін.

4. Істі қараудың нәтижелеріне қарамастан барлық сот шығындары медиация рәсімдерін өткізуден негізсіз бас тартқан тарапқа жүктелсін.

5. Тараптардың бітімгерлікке келуіне қарсылық келтіргені үшін өкілдің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі қарастырылсын.

6. Медиация рәсімдері аяқталғанға дейін нақты мүлік бойынша даудың (тартыстың) бар екені туралы арызды тіркеу әділет органдарына заңды түрде міндеттелсін.

Медиатордың тиісті анықтамасы осындай тіркеу үшін негіз болып табылады.

Бұл дау тараптарының да, дауланатын мүліктің ықтимал сатып алушысының да мүдделерін қорғайды.

7. Медиативтік ескертпенің заң күші заңнамалық тұрғыдан бекітілсін.

Тараптар шарт жасасу сатысында келешекте дауды шешу үшін медиаторға жүгіну мүмкіндігі туралы келісе алады.

Осындай ескертпелерді сақтамаған кезде сот талап арызды қайтаруға міндетті.

8. АІЖК «Дауларды медиация тәртібінде реттеу туралы келісімді орындау» деп аталатын жаңа тараумен толықтырылсын.

Мәжбүрлі түрде орындауға соттан тыс жасалған медиативтік келісімге өтініш беру тәртібі регламенттеуге жатады. Осындай келісімді мәжбүрлі түрде орындау тараптардың бірінің арызы негізінде сот актісімен жүзеге асырылады.

9. Еңбек кодексі дербес дауларды шешудің балама тәсіліне оқытуды қоса алғанда, жанжал-менеджментті жеке жүйесін құруға және қаржыландыруға міндеттейтін (*мысалы, штат саны 500 адамнан асқанда*) нормалармен толықтырылсын.

Қылмыстық процестегі ұйымдастыру шаралары

1. Тараптардың сотқа дейінгі сатыда бітімге келуіне байланысты қылмыстық істерді тоқтатудың тәртібі туралы Бас Прокурордың Нұсқауы әзірленсін.

2. Бітімгерлік құқықтарын тараптарға түсіндіру туралы хаттама үлгісі әзірленсін. Оның мзмұны ұғыну үшін қол жетімді және бірімәнді, ал нысаны, айыптау органы лауазымды тұлғаларының тарапынан сыбайлас жемқорлық көрінісінің туындау мүмкіндігін болдырмау керек.

3. Бітімгершілік келісімнің хаттама жобасы әзірленсін.

4. Қылмыстық қудалау органдарының жұмыс тиімділігінің шешуші көрсеткіштері енгізілсін, олар мынадай екі өлшемнен тұрады:

➤ **«Нәтижелілік»** - қылмысты ашу, қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің аяқталуы, оны ҚІЖК 280-бабы тәртібінде прокурорға жолдау немесе бітімгерлікті қоса алғанда, ақталмайтын негіз бойынша қысқарту.

➤ **«Тиімділік»** - іс жүргізу шығындарын азайта отырып, жәбірленушінің құқықтарын және мемлекеттің мүдделерін қорғау және қалпына келтіру.

Құқық қорғау органы жұмысының негізгі өлшемдері- қылмыстық процестің сатысынан тәуелсіз, жәбірленушінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерін ыңталандырудың тиімді жүйесін құрудың шешуші көрсеткіштерін өзгерту:

- ✓ Сотқа түсірілетін жүкті жеңілдету;
- ✓ іс жүргізу шығындарын азайтуға;
- ✓ уақыттық және материалдық шығындарды азайтуға;
- ✓ жәбірленушіге мүліктік зияндарды өтеу туралы орындалмаған үкімдердің санын қысқартуға;
- ✓ «түрме халқын» азайтуға;
- ✓ сонымен қатар азаматтардың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

Азаматтық процестегі ұйымдастыру шаралары

1. Дауларды балама шешу құрылымы:
 - кәсіпкерлердің Ұлттық палатасында;
 - салық және кеден апелляциялары бойынша;
 - тұрғынүй-коммуналдық қатынастар бойынша әкімдіктер жанынан құрылсын.
2. Бизнес субъектілерін коммерциялық келісім-шарттарға дауларды балама шешу туралы ескертпе қосуға бағыттасын (*тәрелік сот, халықаралық коммерциялық аралық сот, медиация, корпоративтік омбудсмен арқылы*).

Медиацияны дамыту бойынша ұйымдастыру шаралары

1. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті медиаторлар шешкен даулардың бірыңғай статистикалық есебін жүргізісін.
2. Әділет органдарына медиаторлар қызметін талдау және мониторингі функциялары жүктелсін.
3. Кәсіби емес медиаторлардың корпусын қалыптастыру үшін ардагерлік ұйымдарды, халық арасында үлкен сенімге және құрметке ие адамдарды, құқық қорғау органдарының ардагерлерін, отставкадағы судьяларды тартсын.
- Жергілікті атқарушы органдарға кәсіби емес медиаторларға көмек көрсету және ұйымдастырушы-техникалық қолдау көрсету жүктелсін.
4. Медиаторлардың бөлмелері сот ғимараттарында немесе мүмкіндігінше жақын жерде болсын.
5. Кәсіби медиаторларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламасын қайта қарасын.

Мектептерге және ЖОО (алдымен, заң, экономика) медиация бойынша арнаулы курстар, бағдарламалар және тренингтер енгізілсін.

Келешекте жоғары білім беру жүйесінде медиаторлар даярлауды қарастырсын.

6. Адвокаттарды сотта тұтынушының мүддесін қорғаудан өзі үшін аз шығын шығара отырып, дауларды шешудің сындарлы тәсілін іздестіруге бағыттасын.

7. Олардың қызметін үйлестіру, оқыту, медиацияның, талдаудың жекелеген санаттары мен түрлері және шетелдік жағымды тәжірибені тарату бойынша ұсынымдар мен әдістемелер әзірлеу үшін медиаторлардың бірыңғай республикалық қауымдастығы құрылсын

Ақпараттық шаралар

❖ Дауларды шешудің балама тәсілдері туралы, соның ішінде, медиация туралы мамандандырылған хабарлар нысанында немесе танымдылық бағдарламалары айдарында теле, радио арналарында ақпараттар алаңын құру.

❖ Жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ кәсіпкерлердің бірлестіктерін қоса алғанда, соттардың, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың ғимараттарында дауларды шешудің балама тәсілдері туралы, соның ішінде медиация туралы ақпараттық стендтерді орналастыру.

❖ Тұтастай алғанда, ұйымдастырушылық және ақпараттық шараларды іске асыру үшін «Жол картасы» типі бойынша өңірлік (облыстық) бағдарламалар әзірлеуге болады.

V. Шетелдік тәжірибені шолу

Бітімгерлікке жүгіну рәсімдерін жүргізу міндеттілігін заңнамалық деңгейде қабылдау бірқатар шетелдік елдерде табысты қолданылып келеді.

✓ Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция істерді соттың қарауына жанжалды балама тәсілмен шешуге нәтижесіз тырысқан соң ғана қабылдауды қарастырады.

✓ АҚШ-та «жеке сот жүйесі» деп аталатын балама тәсіл бар, онда дауларды шешу қызметінен кеткен судьяның көмегімен қамтамасыз етіледі. Жеке судья немесе оларды іс жүзінде «жалға алынған судья» (rent-a-judge) деп те атайды, бітімгерлік функцияларды ғана жүзеге асырып қоймайды, сонымен бірге тараптар үшін міндетті шешімдер де шығара алады. Кейбір істер бойынша судьялар тараптарды, мысалы, некені бұзу немесе мүлікті бөлу туралы істер бойынша бірден міндетті түрдегі делдалдық үшін делдалға жұмсайды.

✓ АҚШ-тың көптеген өңірлерінде дауларды шешудің тегін қоғамдық орталықтары өте танымал. Олар түрлі қорлар мен демеушілердің материалдық қолдауларын пайдаланады. Көптеген штаттарда оларға сот кірістерінен белгілі бір пайыздар аударылады. Осыған ұқсас қызметтер көбінесе соттардың немесе басқа да ұйымдардың жанынан құрылады.

✓ АҚШ-та коммерциялық делдалдық бюролардың, сондай-ақ жеке жұмыс істейтін делдалдардың көптеген түрлері бар. Штаттардың жартысынан көбі аяқталмаған істердің санын қысқарту және жылдам шешім шығару мақсатында төрелік сотқа және делдалдыққа міндетті түрде жүгінуді көтермелейді және талап етеді.

✓ Германияда тізбесі тікелей мынадай заңдарда бекітілген істердің жекелеген санаттары бойынша міндетті түрдегі деп аталатын бітімгерлік жұмыс істейді:

1) *нысаны ақшалай түрде болатын немесе ақшалай құны 750 еуродан аспайтын талаптар туралы телімдік соттағы мүліктік-құқықтық даулар;*

2) *көршілер арасындағы даулар;*

3) *егер қорлау баспасөзде немесе радио эфирінде жасалмаса ар-намысын және қадір-қасиетін қорлауға байланысты талаптар туралы даулар.*

Істердің осы санаттары бойынша бітімгерлік рәсімдер міндетті сипатқа ие. Талапкер сотқа жүгінген кезде бітімгерлікке шақыруға тырысқаны туралы куәлік ұсынуы қажет.

✓ Медиация отбасы-тұрмыстық қатынас саласында, мұрагерлік туралы дауларда, ата-аналар, қамқорлық, қамқоршы жанжалдарын реттеуде, жастар жанжалдарында, әскери жанжалдарда, құрылыста, шағын және орта бизнес саласында, халықаралық құқықта, банк ортасында, әсіресе несие беруде әлемнің көптеген елдерінде өзін оң қырынан көрсетті. Медиацияны жанжалдарды омбудсмендер арқылы реттеу жолымен пайдалану ерекше қызығушылық тудырады.

✓ Атлантада, Канзас-Ситиде, Лос-Анжелесте (АҚШ) жүргізілген дауларды шешудің балама нысандарына медиация енгізу жөніндегі тәжірибе сот жүйесінің жүктемесін 80%-ға дейін азайтатынын растады (*шынында, осы штаттарда сынақтар бюджет қаражаты есебінен жүргізіліп келеді*).

✓ Ұлыбританияда медиация институтын енгізу, дауларды тиімді шешу орталықтарын құру қажеттігіне әкеп соқты.

Осындай орталықтардың өкілеттіктеріне мынадай қызмет көрсетулер кіреді:

- *дауларды реттеу және сараптамалар жүргізу;*
- *дауларды қарау және оларды жылдам бейтарап бағалау;*
- *іскерлер мен мамандарды дауларды басқаруға және оларды неғұрлым тиімді түрде реттуге үйрету;*
- *типтік құжаттар, соның ішінде, делдалдық рәсімдері бойынша және реттеу туралы және т.б. келісім шарттары бойынша құжаттар ұсыну.*

Конституцияның және қолданыстағы заңдардың ережелері заңнамалық өзгерістер жолымен Қазақстан Республикасында кейбір шараларды имплементациялауға мүмкіндік береді.

VI. Орындалу кезеңі

Жобаны іске асыру екі кезеңде жүзеге асырылады:

1-кезең – заң жобасын әзірлеу – 2013 жылғы III-тоқсан;

2-кезең – заң жобасын Парламенттің қарауына енгізу – 2013 жылғы IV-тоқсан.

VII. Күтілетін нәтижелер

- ✓ талап-арыздар мен қаралған істердің санын қысқарту, судьялардың және прокурорлардың жүктемелерін азайту;
- ✓ сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыру;
- ✓ қоғамда жанжалдылық деңгейін азайту;
- ✓ дауларды шешу мәдениетін арттыру;
- ✓ мемлекеттің экономикасына оң әсерін тигізу.

2-бөлім. Бітімгерлік институтын дамытудың негізгі қағидаттары және құралдары

I. Жүйені дамытудың негізгі қағидаттары

Соттардың дауларды реттеуге және тараптарды бітімгерлікке шақыруға көмек көрсетуі.

Азаматтық процестің кез-келген сатысында тараптардың бітімге келуі мүмкіндігі.

Дауларды реттеудің нұсқаларын және қол жеткізілген келісімдердің нысандарын таңдауға тараптардың еркіндігін қамтамасыз ету.

Өз еріктілік, ынтымақтастық және тең құқықтық негізінде тараптардың бітімге келуін жүзеге асыру.

Дауларды балама шешу рәсімдеріндегі құзыреттілік.

Дауларды соттан тыс шешу тәсілінің құпиялылығы.

II. Міндеттерді іске асыру құралдары

Қылмыстық және азаматтық процестерде, сондай-ақ медиация институтында бітімгерлік рәсімдерін жетілдіру туралы заң жобасы.

3-бөлім. Тұжырымдаманы іске асыру үшін өзгертуге және толықтыруға жататын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. Қылмыстық кодексі.
2. Қылмыстық іс жүргізу кодексі.
3. Азаматтық іс жүргізу кодексі.
4. Салық кодексі.
5. Кеден кодексі.
6. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заң.
7. «Медиация туралы» Заң.
8. «Адвокаттық қызмет туралы» Заң.
9. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заң.
10. «Мемлекетпен кепілденген заңи көмек туралы» Заң *(ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы қаулысы, Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді).*

4-бөлім. Қорытынды бөлім

Осы тұжырымдаманың жобасын 2013 жылғы 18 маусымда өтетін Халықаралық ғылыми-тәжірибелік баспасөзде талқылауға ұсынылады.

**Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Соты**

**Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы**

**Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі**